

Жергілікті өзін-өзі басқару

Референдум-2022

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қалалық мәслихат залында қалалық Қоғамдық кеңестің төрайымы Сурия САДВАКАСОВАНЫҢ тізгін ұстауымен Қоғамдық кеңестің отырысы өтіп, бірқатар маңызды мәселелер қаралды.

Отырыстың күн тәртібіне Қаражал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 шілдедегі I сессиясының «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген сәттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» №421 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы, «Қаражал қаласы бойынша 2022

жылға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы» және «Қаладағы жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарына бақылау жүргізу туралы» мәселелер қойылды.

Күн тәртібіне қойылған сауалдарға қатысты қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Нұрсұлтан Сауытбаев, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Оксана Калашникова хабарлама жасады.

Мәселелер жан-жақты талқыланып, тиісті ұсынымдар берілді.

Өз тілшімізден.

Қалалық мәслихатта

ЕСКЕРТПЕЛЕР ЕСКЕРІЛЕТІН БОЛАДЫ

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Бірқатар өзекті мәселелер қаралған қалалық мәслихаттың кезекті XVI сессиясына қала әкімі Тілектес ДОСАЕВ, Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Аян ТАХАНОВ, қала әкімінің орынбасарлары, Жәйрем, Шалғыя кенттерінің әкімдері, қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік бөлімдер мен мекемелер басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.



Қалалық мәслихаттың хатшысы Зәмзагүл Оспанованың тізгін ұстауымен өткен мандат иелері жиынының күн тәртібіне «2021 жылғы Қаражал қаласы бюджетінің орындалуы туралы есепті бекіту туралы», «2021 жылғы Жәйрем және Шалғыя кенттері бюджеттерінің орындалуы туралы есепті бекіту туралы», «Қаражал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2021 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі», «Қаражал қаласы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы», «Қаражал қаласы әкімдігінің жанындағы «Қаражал қаласы аймағының аумағындағы жер учаскелерін меншікке немесе пайдалануға беру жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы»

шешіміне өзгерістер енгізу туралы», «Қаражал қалалық мәслихатының 2022 жылдың II жартыжылдығына арналған жұмыс жоспары» туралы мәселелер қойылды.

Аталған мәселелер бойынша қатыстылығына сәйкес, тиісті салаға жауапты тұлғалар мен кент әкімдері хабарлама жасады. Талқылаудан кейін шешімдер қабылданды.

Облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Аян Тахановтың хабарламасы тыңдалды. Онда 2021 жылғы бюджетті орындау барысында ешқандай заң бұзушылықтың орын алмағаны мәлімделді.

Басқосу қорытындысында қаралған мәселелерге қатысты өз пікірін ортаға салған Тілектес Темірбекұлы тексеру комиссиясы өкілі тарапынан айтылған ескертпелер мен ұсынымдар үнемі назарда болатынын қадап айтты.



Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
«АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының
атқарушы хатшысы, облыстық мәслихаттың депутаты

Жақында еліміздің барлық бұқаралық ақпарат құралдарында «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жарияланды. Әлі де талқыланады, әрине. Жобаны жариялаудың мақсаты да – осы. Дегенмен, Ата Заңға қандай өзгерістер енгізіледі деген алаң көңілімізге орныққандай. Ең бастысы – суперпрезиденттік басқару жүйесінен түбегейлі бас тартып, ықпалды Парламентті бар президенттік республикаға айналатындығымызда. Яғни, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын тұғыр еткен басқару жүйесіне өтеміз.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА –
ТАРИХИ МҮМКІНДІК

оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүргізеді» деп өзгертілмек. Осы баптың өзімен-ақ, талай жылдан бері азаматтардың алаңдауына негіз болып, дау-дамай, дақпыртты өршітіп келген жер мәселесіне нүкте қойылады.

Сондай-ақ, Ата Заңымыздың 43-бабы «ҚР Президентінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс» және «ҚР Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ» деген жаңа тармақтармен толығып отыр.

Жаңа өзгерістер мен толықтырулар арқылы Президент өзінің көп өкілеттіктерін биліктің басқа тармақтарына бөліп беруі де – халықтың билікке деген сенімін арттыратын фактор. Билік бөлінісіндегі мұндай тепе-теңдік еліміздегі саяси жүйені демократияландырудың алғышартына айналары сөзсіз. Сонымен қатар, болашақта Парламент Мәжілісі конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпы ұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ, бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын 98 депутаттан тұратын (50-баптың 3-тармағы) болады. Бұл – қарапайым халықтың таңдауы мен пікірі ескеріледі деген сөз.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерін сол өңірдегі барлық мәслихаттар депутаттарының келісімімен тағайындау (87-баптың 4-тармағы) жүйесі де – жаңарудың жарқын қадамы. Өзгерістен кейін облыс әкімдігіне ұсынылған екі үміткерге мәслихат депутаттары дауыс беретін болады. Және мәслихат депутаттарының әкімдер қызметін бағалап қана қоймай, әкімге көпшілік дауыспен сенімсіздік білдіру құқығы да (87-баптың 5-тармағы) Ата Заңның жаңа редакциясында қамтылып отыр.

Жалпы, біз жаңару жолына табан тигіздік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, «Жаңарған Қазақстан – әділетті Қазақстан» құру ісіне құлшына кірістік. Алдағы Референдум Жаңа Қазақстанның тарихи мүмкіндіктеріне жол ашады!

Елдің ертеңі үшін таңдау жасайтын тарихи сәтте алауыздық танытып, енжарлық көрсеткенімізді келешек ұрпақ кешірмеуі мүмкін. Сондықтан, жарқын болашақ үшін жұдырықтай жұмылып, бірлік танытайық!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған 16 наурыздағы Жолдауында жаңару мен жаңғырудың негізгі 10 бағытын айқындап берген болатын. Қазіргі таңда осы Жолдау жүктеген міндеттер кезең-кезеңімен жүзеге аса бастады.

– Бізге Қазақстан дамуының саяси моделін қайта құру бойынша сындарлық адамдар қажет. Мұнда ең алдымен, суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламентті бар президенттік республикаға түпкілікті көшу туралы айтылып отыр. Мұндай жүйе билік институттарының қолайлы теңгерімін қамтамасыз етеді және елдің орнықты дамуына ықпал ететін болады. Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз, – деген еді Мемлекет басшысы.

Міне, осы бағытта қайта түзіліп, қарапайым халықтың талғам таразысына ұсынылған жобаның Қазақстанның кемелдену кезеңіне кепіл боларына көзіміз жетіп, сеніміміз серпіліп отыр.

Қандай өзгерістер бар сонда?

Тәуелсіздіктің ең басты тірегі, мемлекеттің барынша бағалы құндылығы, халықтың игілігі – жер. Конституцияның 6-бабындағы 3-тармағында «Жер және